

**Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асырып жатқан Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының әскери, арнаулы оқу орындарына оқуға қабылдау қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2016 жылғы 13 қаңтардағы № 2 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 17 ақпанда № 13104 болып тіркелді.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 5-1-бабының 9) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 3-тармағына және "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 39-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жана редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 31.07.2024 № 106/ке (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асырып жатқан Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының әскери, арнаулы оқу орындарына оқуға қабылдау қағидалары бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Кадрлар департаменті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жариялауға жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Бұйрықпен Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілері таныстырылсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының орынбасары М.Ө. Қалқабаевқа жүктелсін.

6. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асырып жатқан Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының әскери, арнаулы оқу орындарына оқуға қабылдау қағидалары**

**Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 08.08.2022 № 48/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асырып жатқан Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының әскери, арнаулы оқу орындарына оқуға қабылдау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 5-1-бабының 9) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 3-тармағына, "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 39-бабының 1-тармағына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының азаматтарын (бұдан әрі – азаматтар) жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша әскери, арнаулы оқу орындарына (бұдан әрі – ҰҚО ЖОО) оқуға қабылдау тәртібін белгілейді.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 31.07.2024 № 106/ке (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. ҰҚО ЖОО "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 5-1-бабының 16) тармақшасына сәйкес жоғары білім және жоғары білімнің оқыту мерзімі қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларды қабылдауды жүзеге асырады.

3. ҰҚО ЖОО-ға оқуға азаматтарды қабылдау тәртібі:

- 1) кадрларға қажеттілікті анықтауды;
- 2) ҰҚО ЖОО-ға қабылданатын азаматтарды іріктеуді, зерделеуді және тексеруді;
- 3) ҰҚО ЖОО-ға оқуға азаматтарды қабылдау бойынша конкурстық іріктеуді көздейді.

**2-тарау. ҰҚО ЖОО-ға оқуға қабылдау тәртібі**

**1-параграф. ҰҚО ЖОО-ға оқуға кандидаттарды іріктеу тәртібі**

4. ҰҚО ЖОО-да жоғары білім және жоғары білімнің оқыту мерзімі қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша кадрларды дайындау кадрларға қажеттіліктің және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің (бұдан әрі – ҰҚК) Кадрлар департаменті әзірлейтін және оқу жылының алдындағы жылдың 1 қарашасына дейін ҰҚК Төрағасы бекітетін тәртіптеменің (бұдан әрі – тәртіптеме) негізінде жүзеге асырылады.

5. Тәртіптеме бекітілгеннен кейін ҰҚК органдарының кадр бөлімшелері:

1) өтініш беру мерзімдері туралы бұқаралық ақпарат құралдарына, ақпараттық стендтерде, оның ішінде ҰҚК ресми интернет-ресурсына хабарландырулар, сондай-ақ осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес қосымша тұрғылықты жері, оқу және жұмыс (қызмет) орындары бойынша ҰҚО-ға ұсынылатын құжаттар тізбесін он жұмыс күні ішінде орналастыруды ұйымдастырады;

2) оқуға кандидаттарды олардың тұрғылықты, оқу немесе жұмыс (қызмет) орны бойынша кәсіби жарамдылығын тексеру, іріктеу және арнайы тексеру жөніндегі жұмыстар жүргізеді.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 12.08.2025 № 74/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

6. Жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша ҰҚК ЖОО-ға:

1) орта немесе орта білімнен кейінгі білімі бар, әскери қызмет өткермеген, оқуға түсетін жылы он жеті жасқа толған, бірақ жиырма бір жастан аспаған азаматтар;

2) оқуға түсетін жылы жиырма төрт жасқа толмаған, әскери қызмет не арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткерген азаматтар және мерзімді әскери қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілер;

3) оқуға түсетін жылы жиырма бес жасқа толмаған, келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілер не арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткеріп жүрген қызметкерлер қабылданады.

7. Жоғары білімнің оқыту мерзімі қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша оқуға Заңның 10-бабы 1-тармағы 2) тармақшасымен көзделген талаптарға сай келетін, сондай-ақ:

1) қажетті жеке, моральдық және кәсіби қасиеттері, денсаулық жағдайы және дене шынықтыру бойынша дайындығы бар;

2) оқу жетістіктерін бағалаудың балл-рейтингтік әріптік жүйесіне сәйкес жоғары білімінің орташа балы 2,67 (B-)-ден төмен емес (дәстүрлі бағалау шкаласы бойынша 4 балдан төмен емес) азаматтар қабылданады.

Кандидатта санаулы бағыттағы мамандығы, оның ішінде техникалық бейіні болған кезде алған жоғары білімі бойынша орта балды оқу жетістіктерін бағалаудың балл-рейтингтік әріптік жүйесіне сәйкес (дәстүрлі бағалау шкаласы бойынша 3 балдан төмен емес) 1,0 (D-)-ға дейін төмендетуге жол беріледі.

8. Алып тасталды - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 12.08.2025 № 74/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. ҰҚО ЖОО-ға түсуге кандидаттар ҰҚК-нің ресми интернет-ресурстарында хабарландырулар орналастырылғаннан кейін, түсетін жылғы 10 қаңтарды қоса алғанға дейін тұрғылықты жері, оқу немесе жұмыс (қызмет) орны бойынша ҰҚК органдарына оқу тілін көрсете отырып, өтініш (баянат) жазады.

Осы мерзімде арнаулы мемлекеттік органдарының әскери бөлімдерінде мерзімді әскери қызмет өткерген және конкурстық іріктеуден өткен азаматтар мерзімді әскери қызмет аяқталған сәттен бастап бір жылдан кешіктірмей ҰҚК Шекара қызметінің кадр бөлімшелеріне ҰҚК ЖОО-ға түсуге ниет білдіру туралы өтінішпен жүгінеді.

Өтініш берген жері бойынша азаматтар осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес құжаттарды тапсырады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 12.08.2025 № 74/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Оқуға кандидаттар "Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарында әскери-дәрігерлік сараптаманы жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2022 жылғы 28 қазандағы № 76/ҚБП бұйрығына (бұдан әрі – ӘДС өткізу қағидалары) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30405 болып тіркелген) сәйкес олардың тұрғылықты жері, оқу немесе жұмыс (қызмет) орны бойынша әскери-дәрігерлік комиссиялардан, психофизиологиялық және медициналық куәландырудан, сондай-ақ полиграфологиялық зерттеуден өтеді.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 31.07.2024 № 106/ке (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. ҰҚК органдарының кадр бөлімшелері ҰҚО ЖОО-ға жоғары білімнің және жоғары білімнің оқыту мерзімі қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсуге кандидаттардың жинақталған жеке істерін оқуға түсетін жылдың 20 мамырына дейін ұсынады.

ҰҚК Кадрлар департаментінің қызметкерлері тексеретін ҰҚК Шекара академиясына қабылданатын азаматтардың арнайы тексеру материалдарын және ҰҚК Академиясы дайындаған кандидаттардың жеке істерін қоспағанда, ҰҚО ЖОО-ға түскен кандидаттардың жеке істерін конкурстық іріктеу басталғанға дейін ҰҚО ЖОО-ның кадр бөлімшелері Заңның 7-бабының 2-тармағында көзделген талаптарға сәйкестігіне тексереді.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 12.08.2025 № 74/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## **2-параграф. ҰҚО ЖОО-ға қабылдау тәртібі**

12. ҰҚК Кадрлар департаменті оқуға түсетін жылдың 10 маусымына дейін оқуға түсетін кандидаттарға ҰҚО ЖОО-ға қабылдау мерзімі туралы ҰҚК органдарының кадр бөлімшелері арқылы хабарлайды.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 31.07.2024 № 106/ке (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. ҰҚО ЖОО-ға қабылдау конкурстық негізде жүзеге асырылады және медициналық сараптамадан өту мен соңғы кәсіби іріктеуден тұрады.

14. Кандидаттарды медициналық куәландыру, әскери-дәрігерлік комиссияның (бұдан әрі – ӘДК) өкілеттігі мен құрамы ӘДС өткізу қағидаларына сәйкес анықталады.

15. Соңғы кәсіби іріктеу медициналық куәландыруды қоспағанда осы Қағидалардың 23-тармағында көзделген іс-шаралардан тұрады.

16. Кандидаттарды түпкілікті кәсіби іріктеу ҰҚО ЖОО-да жүргізіледі.

Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде (жекелеген объектілерде) төтенше жағдай, шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген, төтенше жағдайлар жарияланған жағдайларда кандидаттардың соңғы кәсіби іріктеуі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, қашықтық форматында жүргізіледі.

17. Конкурстық іріктеуді өткізу үшін ҰҚО ЖОО-ға оқуға қабылдау алдында бір ай бұрын ҰҚК Төрағасының бұйрығымен (ҰҚО ЖОО-ның әр қайсысына жеке):

уақытша әрекет ететін штаттан тыс ӘДК;

ұйымдастыру-техникалық комиссиялар;

қабылдау комиссиялары;

апелляциялық комиссиялар құрылады және бекітіледі.

18. Комиссия мүшесі (мүшелері), егер ол:

1) комиссия мүшесі ретінде басқа комиссия құрамында болса;

2) конкурсқа қатысатын кандидаттарының біреуіне туыс, жұбайы (зайыбы) немесе жекжаты болып табылса, комиссия жұмысына қатыса алмайды (қатысады) және бас тартуға (өздігінен бас тартуға) жатады.

Өздігінен бас тарту болмаса, комиссия мүшелері немесе кандидат қарсылық білдіреді.

19. Өздігінен бас тарту және қарсылық білдіру комиссия жұмысына дейін де, комиссия жұмысының барысында да жасалады.

20. Комиссия мүшесінің өздігінен бас тартуы (қарсылық білдіруі) туралы шешімді мәжіліске қатысатын оның мүшелерінің көпшілік дауысымен жазбаша түрде комиссия қабылдайды және комиссия мүшесінің қатысуымен оқылады.

Қарсылық білдіруден бас тарту немесе қанағаттандыру туралы шешім шағымдануға жатпайды.

21. Ұйымдастыру-техникалық, қабылдау және апелляциялық комиссиялар құрамына бөлімшелер мен ҰҚК органдарының (ЖОО) басшылары, ҰҚК заң, кадрлар, жеке қауіпсіздік, әскери-медициналық (медициналық) бөлімшелерінің және мақсатты оқуға тапсырыс беруші болып табылатын ҰҚК органдарының қызметкерлері (әскери қызметшілері) кіреді.

22. ҰҚО ЖОО-ға түсу үшін конкурстық іріктеуге қатысатын кандидаттар келген кезде ұйымдастыру-техникалық комиссиясына осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес құжаттарды тапсырады.

Ұйымдастыру-техникалық комиссиясына құжаттарды тапсырмаған кандидаттар конкурсқа қатысуға жіберілмейді.

**Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 31.07.2024 № 106/ке (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

23. ҰҚО ЖОО-ға оқуға кандидаттар соңғы кәсіби іріктеуден:

1) жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша – кәсіби жарамдылығын және дене шынықтыру дайындығын, "Құқық негіздері" пәні бойынша білімі мен жазбаша дағдыларын тексеруден;

2) жоғары білімнің оқыту мерзімі қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша – кәсіби жарамдылығын, дене шынықтыру дайындығын тексеру, саясаттану бойынша білімдерін және жазбаша дағдыларын тексеруден өтеді.

ҰҚО ЖОО-ға оқуға кандидаттарды соңғы іріктеуден өткізу барысында кандидаттардың жеке деректері мен жұмыстарына сәйкестендіру нөмірі берілу арқылы шифрлау қолданылады.

24. Ұйымдастыру-техникалық комиссиясы төраға, төраға орынбасары, хатшы және комиссияның бес мүшесінен кем болмайтын құрамнан тұрады.

Ұйымдастыру-техникалық комиссиясы мүшелерінің жалпы саны тақ саннан тұрады. Ұйымдастыру-техникалық комиссиясы хатшысының дауыс беру құқығы жоқ және ол комиссия мүшесі болып табылмайды.

Ұйымдастыру-техникалық комиссиясы:

1) соңғы кәсіби іріктеуге қатысуға рұқсат етілген оқуға түсетін кандидаттардың тізімдерін бекітеді;

2) кандидаттарды соңғы кәсіби іріктеуден өткізу алгоритмін дайындайды;

3) соңғы кәсіби іріктеуді ұйымдастырады және өткізеді;

4) оқуға кандидаттардың конкурстық тізімдерін әзірлейді;

5) оқуға түсетін кандидаттарды іріктеу мен тексеру жөніндегі жұмыстарды одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлейді.

**Ескерту. 24-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 12.08.2025 № 74/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

25. Ұйымдастыру-техникалық комиссиясының төрағасы ҰҚК органдарының бастықтары (бастықтарының орынбасарлары) қатарынан тағайындалады.

Ұйымдастыру-техникалық комиссиясы төрағасының орынбасары ҰҚО ЖОО немесе ҰҚК органдары бастықтарының орынбасарлары қатарынан тағайындалады.

Ұйымдастыру-техникалық комиссиясы төрағасының орынбасары ұйымдастыру-техникалық комиссиясы мүшелері мен хатшысының қызметін ұйымдастырады және бақылайды.

Ұйымдастыру-техникалық комиссиясының хатшысы ҰҚО қызметкерлері (әскери қызметшілері) қатарынан тағайындалады.

Ұйымдастыру-техникалық комиссиясының хатшысы ұйымдастыру-техникалық комиссиясына жүктелген функцияларды жүзеге асыру бойынша құжаттарды, отырыс материалдарын, сондай-ақ комиссия жұмысының есеп жобасын дайындайды.

26. Ұйымдастыру-техникалық комиссиясының шешімі бекітілген құрамның кемінде үштен екісі болған кезде көпшілік дауыспен қабылданады және хаттамамен рәсімделеді, оған ұйымдастыру-техникалық комиссиясының барлық мүшелері қол қояды. Дауыстар тең болған жағдайда ұйымдастыру-техникалық комиссиясы төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Комиссия мүшелері өздерінің ерекше пікірлерін жазбаша баяндауы және оны хаттамаға енгізуі мүмкін, ол туралы соңғысында белгі жасалады.

Ұйымдастыру-техникалық комиссиясының отырысы қабылдау комиссиясының төрағасы бекіткен жұмыс жоспарына сәйкес, сондай-ақ ұйымдастыру-техникалық комиссиясы төрағасының шешімімен жүзеге асырылады.

27. Қабылдау комиссиясы төраға, екі орынбасары, хатшы және басшылық құрам қатарынан комиссияның төрт мүшесінен кем болмайтын құрамнан құрылады.

Қабылдау комиссиясы мүшелерінің жалпы саны тақ саннан тұрады. Қабылдау комиссиясы хатшысының дауыс беру құқығы жоқ және ол комиссия мүшесі болып табылмайды.

Қабылдау комиссиясы:

- 1) ӘДК нәтижелерін қарастырады;
- 2) апелляциялық комиссия шешімін іске асырады;
- 3) ҰҚО ЖОО-ға оқуға кандидаттарды қабылдау немесе бас тарту туралы шешім қабылдайды;
- 3-1) пән бойынша емтихан нәтижелерін жою туралы шешім қабылдайды;

4) кандидаттарды оқуға қабылдау үшін конкурстық іріктеудің қорытындыларына талдау жүргізеді және осы жұмысты одан әрі жетілдіру бойынша шаралар әзірлейді.

Ескерту. 27-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 31.07.2024 № 106/ке (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.08.2025 № 74/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

28. Қабылдау комиссиясының төрағасы болып ҰҚК Төрағасы орынбасарларының бірі тағайындалады.

Қабылдау комиссиясы төрағасының орынбасарлары ҰҚК органдары және ҰҚО ЖОО-ның бастықтары қатарынан тағайындалады.

Қабылдау комиссиясының хатшысы болып ҰҚО ЖОО кадр бөлімшелерінің қызметкерлерінің (әскери қызметшілерінің) бірі тағайындалады.

Қабылдау комиссиясының мүшелері болып ҰҚК органдарының және ҰҚО ЖОО басшылық құрамынан тағайындалады.

29. Қабылдау комиссиясы жыл сайын құрылады және ҰҚО ЖОО-ның конкурстық іріктеу өткізу кезеңінде қызмет етеді.

Қабылдау комиссиясының жұмысын ұйымдастыру комиссия төрағасы орынбасарларының біріне, ал іс қағаздарын жүргізу комиссияның хатшысына жүктеледі.

30. Кандидаттарды ҰҚО ЖОО-ға оқуға қабылдау туралы қабылдау комиссиясының шешімі хаттамамен рәсімделеді және бекітілген мүшелерінің кемінде үштен екісі болған кезде көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда қабылдау комиссиясы төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Комиссия мүшелері өздерінің ерекше пікірлерін жазбаша баяндауы және оны хаттамаға енгізуі мүмкін, ол туралы соңғысында белгі жасалады.

Қабылдау комиссиясының хаттамасы негізінде ҰҚО ЖОО-ның бастықтары кандидаттарды оқуға қабылдау туралы бұйрық шығарады.

31. Кандидаттарды ҰҚО ЖОО-ға оқуға қабылдауды қызметкерлерді (әскери қызметшілерді) дайындау курстары бойынша ҰҚК ЖОО-ның басшылары бөлек жүргізеді.

32. Конкурстық іріктеу нәтижелерімен келіспеген кандидаттар конкурстық іріктеу нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13:00-ге дейін апелляциялық комиссияға апелляциялық комиссия төрағасының атына өтініш ұсынады, апелляциялық комиссия оны бір тәулік жұмыс күні ішінде қарайды.

Егер өтініш ұсыну және (немесе) қарау күні жұмыс істемейтін күнге сәйкес келсе, өтініш ұсыну және (немесе) қарау уақыты жақын келесі жұмыс күніне ауыстырылады.

33. Апелляциялық комиссия төраға, төраға орынбасары, хатшы және комиссияның бес мүшесінен кем болмайтын құрамнан құрылады.

Апелляциялық комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ саннан тұрады. Апелляциялық комиссия хатшысының дауыс беру құқығы жоқ және комиссия мүшесі болып табылмайды.

Апелляциялық комиссия конкурстық іріктеудің шешімімен келіспеген кандидаттардың өтініштерін қабылдайды және қарастырады.

34. Апелляциялық комиссияның төрағасы ҰҚК Төрағасы орынбасарларының бірі тағайындалады.

Апелляциялық комиссия төрағасының орынбасары ҰҚК органдары бастықтарының қатарынан тағайындалады.

Апелляциялық комиссия төрағасының орынбасары апелляциялық комиссия мүшелері мен хатшысының қызметін ұйымдастырады және бақылайды.

Апелляциялық комиссияның хатшысы ҰҚО қызметкерлері (әскери қызметшілері) қатарынан тағайындалады.

Апелляциялық комиссия хатшысы апелляциялық комиссияға жүктелген функцияларды жүзеге асыру бойынша құжаттарды, отырыс материалдарын, сондай-ақ, комиссия жұмысының есеп жобасын дайындайды.

35. Апелляциялық комиссияның шешімі бекітілген құрамның кемінде үштен екісі болған кезде көпшілік дауыспен қабылданады және хаттамамен рәсімделеді, оған апелляциялық комиссияның барлық мүшелері қол қояды. Дауыстар тең болған жағдайда апелляциялық комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Комиссия мүшелері өздерінің ерекше пікірлерін жазбаша баяндауы және оны хаттамаға енгізуі мүмкін, ол туралы соңғысында белгі жасалады.

Апелляциялық комиссияның жұмысы төраға және барлық комиссия мүшелері қол қойған хаттамамен рәсімделеді.

36. Соңғы кәсіби іріктеу өткізу үшін ҰҚО ЖОО бастықтарының бұйрықтарымен:

1) кандидаттардың кәсіби жарамдылығын бағалау бойынша сараптамалық комиссиялардан;

2) дене шынықтыру дайындығы, "Құқық негіздері" пәні бойынша білімі, саясаттану, сондай-ақ жазбаша дағдылары (эссе) бойынша пәндік комиссиялардан тұратын арнайы комиссиялар құрылады.

37. Арнайы комиссиялар:

1) кандидаттардың жазбаша дағдылары (эссе) бойынша шифрланған емтихан жұмыстарын қарастыруға алады;

2) кандидаттардың кәсіби жарамдылығын, дене шынықтыру дайындығы бойынша нормативін, "Құқық негіздері" пәні бойынша ауызшы емтихандарды, саясаттану, сондай-ақ жазбаша дағдыларын (эссе) тексеру және бағалауды жүзеге асырады;

3) емтихан ведомостарын қабылдау комиссиясына жинақтайды және жібереді.

38. Кандидаттың оқуға кәсіби жарамдылығын бағалау қызметтік іс-қимылдың жоспарланып отырған учаскесіне (бағытына) сәйкес келу дәрежесін анықтауға

бағытталған және арнайы (сараптамалық) комиссия ассесмент-орталық технологияларын пайдалана отырып жүзеге асырады.

Комиссия құрамына үш адамнан кем болмайтын, қызмет іс-қимылының бағыттары бойынша бес жылдан кем емес жұмыс тәжірибесі, салалық білімі бар ҰҚО қызметкерлері (әскери қызметшілері) енеді.

39. Кандидаттардың дене шынықтыру дайындық деңгейін осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес ҰҚО ЖОО-ға оқуға түсетін кандидаттардың дене шынықтыру дайындығын бағалау нормативтеріне сәйкес арнайы (пәндік) комиссия бағалайды.

Комиссия құрамына үш адамнан кем болмайтын, міндеттеріне дене шынықтыру дайындығын ұйымдастыру мен жүргізу енетін ҰҚО қызметкерлері (әскери қызметшілері) енеді.

Дене шынықтыру нормативтерін тапсырар алдында арнайы комиссия (пәндік) мүшелері кандидаттарды жаттығуларды жасау барысында қауіпсіздік техникасын сақтау жөніндегі шаралармен қол қойғыза отырып таныстырады.

Әрбір дене жаттығуын тапсыру нәтижелерін арнайы комиссия (пәндік) мүшелері жеке ведомоске тіркейді және кандидатқа қол қойғыза отырып жеткізеді.

40. "Құқық негіздері" пәні немесе саясаттану бойынша білім ауызша емтихан түрінде тексеріледі және арнайы (пәндік) комиссия осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес бағалайды.

Комиссия құрамына үш адамнан кем болмайтын, жоғары заң білімі немесе әлеуметтік (саясаттану) білімі бар ҰҚО қызметкерлері (әскери қызметшілері) енеді.

**Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 31.07.2024 № 106/ке (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

41. Жазбаша дағдылар жазба жұмысты (эссе) орындау түрінде тексеріледі және арнайы (пәндік) комиссия осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес бағалайды.

Комиссия құрамына үш адамнан кем болмайтын, жоғары филологиялық білімі бар ҰҚО қызметкерлері (әскери қызметшілері) енеді.

**Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 31.07.2024 № 106/ке (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

42. Емтихандарды тапсыру кезінде кандидаттарға оқу материалдары бар кез келген қағаз жеткізгіштерді, сондай-ақ деректерді сақтаудың, берудің және қабылдаудың электрондық құралдарын алып жүруге және пайдалануға тыйым салынады.

Оларды пән бойынша емтиханды өткізу кезінде пайдаланған және анықтаған жағдайда арнайы комиссия (пәндік) жеке қауіпсіздік бөлімшесінің өкілімен бірлесіп осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес анықталған осы Қағидалардың талаптарын бұзғандығы туралы акт жасайды, оның негізінде қабылдау комиссиясы пән бойынша емтиханның нәтижелерін жою туралы шешім қабылдайды.

Ескерту. 42-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 12.08.2025 № 74/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

43. ҰҚО ЖОО қабылдау комиссиясының конкурстық іріктеу нәтижелері бойынша оқуға кандидаттарды қабылдау туралы шешімдері ҰҚО ЖОО ақпараттық стендтерінде орналастырылады, не қабылдау комиссиясының мүшелері кандидаттардың алдында ауызша жариялайды немесе кадр бөлімшелері жеткізеді.

Ескерту. 43-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 12.08.2025 № 74/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

44. ҰҚО ЖОО-ға қабылдау конкурстық іріктеудің қорытындылары бойынша кандидаттың рейтингі негізінде қабылдау комиссиясының шешімімен жүргізіледі:

жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша кандидаттың рейтингі арнаулы мемлекеттік органдарың әскери бөлімдерінде мерзімді әскери қызмет өткерген және конкурстық іріктеуден өткен азаматтарды қоспағанда, Ұлттық бірыңғай тестілеудің (бұдан әрі – ҰБТ) балдары мен соңғы кәсіби іріктеу көрсеткіштерін қосу арқылы айқындалады;

жоғары білімнің оқыту мерзімі қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша кандидаттың рейтингі соңғы кәсіби іріктеу нәтижелерін қосу арқылы айқындалады.

Ескерту. 44-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 12.08.2025 № 74/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

45. Қызмет өткеру кезінде қайтыс болған немесе мүгедектік алған арнайы мемлекеттік органдары қызметкерлерінің балалары, осы Қағидалардың 6, 7, 9, 10, 22-тармақтарында бекітілген талаптарға сәйкес келген жағдайда ҰҚО ЖОО-ға конкурстан тыс қабылданады.

45-1. Мерзімді әскери қызмет өткерген және арнаулы мемлекеттік органдардың әскери бөлімдерінде конкурстық іріктеуден өткен азаматтар осы Қағидалардың 6, 7, 9, 10, 22-тармақтарының талаптарына сәйкес келген жағдайда ҰҚК Шекара академиясына жыл сайынғы қабылдау жоспарының 10%-ынан және ҰҚК Академиясына 5%-нан аспайтын мөлшерінде ҰҚО ЖОО-ға қабылданады.

Бұл ретте ҰҚК Академиясына түсетін кандидаттар кәсіби жарамдылығын және жазбаша дағдыларын эссе жазу түрінде тексеруден өтеді.

Ескерту. Қағидалар 45-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 31.07.2024 № 106/ке (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 12.08.2025 № 74/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

46. ҰҚК Академиясына түсуге арналған конкурсты өткізу кезінде балдар тең болған жағдайда келесі кезекте мыналар басым құқыққа ие болады:

1) "Алтын белгі" белгісімен марапатталған адамдар;

2) патриоттық танытқаны және белсенді азаматтық ұстанымы үшін ерекшелік белгісімен наградталған адамдар;

3) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының білім туралы құжаттары бар, біліктілігін растаған және мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар адамдар;

4) тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың) (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған), орындаушылардың халықаралық және республикалық конкурстарының және спорттық жарыстардың (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) соңғы үш жылдағы жеңімпаздары, сондай-ақ өздері таңдаған мамандықтары олимпиаданың, конкурстың немесе спорттық жарыстың пәніне сәйкес келген жағдайда, жалпы білім беретін пәндер бойынша ағымдағы оқу жылында президенттік, республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстары (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) жеңімпаздары;

5) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ кәмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар және үздік білімі туралы құжаттары (куәлік, аттестаттар, дипломдар) бар адамдар.

**Ескерту. 46-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 12.08.2025 № 74/ке (19.09.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

47. ҰҚК Шекара академиясына түсуге арналған конкурсты өткізу кезінде осы Қағидаларға сәйкес конкурстық іріктеудің барлық кезеңдерін сәтті өту шартымен мыналар басым құқыққа ие болады:

жетім-балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;

жас сарбаз, жас айбын ретінде кемінде екі жыл мерзім ішінде әскерге шақыру алдындағы даярлықтан өткен азаматтар;

қызмет өткеру уақытында қаза тапқан, хабар-ошарсыз кеткен немесе әскери қызмет өткерген кезеңде мүгедек болып қалған әскери қызметшілердің балалары;

теріс себептермен жұмыстан шығарылғандарды қоспағанда, кемінде он бес жыл еңбек сіңірген әскери қызметшілердің, сондай-ақ жиырма және одан да көп жыл еңбек сіңірген әскери қызметтен босатылған адамдардың балалары;

"Алтын белгі" белгісімен марапатталған адамдар;

тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын, соңғы үш жылда жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар

конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылардың республикалық және халықаралық конкурстарының және спорттық жарыстардың бірінші – үшінші дәрежелі дипломдармен наградталған жеңімпаздары, өздері таңдаған мамандық олимпиаданың немесе конкурстың пәніне сәйкес келген жағдайда, ағымдағы жылы жалпы білім беретін пәндер бойынша президенттік, республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының бірінші – үшінші дәрежелі дипломдармен наградталған жеңімпаздары.

**Ескерту. Қағидалар 47-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 12.08.2025 № 74/қе (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.**

Жоғары білімнің білім беру  
бағдарламаларын іске асырып  
жатқан Қазақстан Республикасы  
ұлттық қауіпсіздік органдарының  
әскери, арнаулы оқу орындарына  
оқуға қабылдау қағидаларына  
1-қосымша

**Тұрғылықты жері, оқу немесе жұмыс (қызмет) орны бойынша ҰҚО-ға ұсынылатын құжаттар тізбесі**

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 31.07.2024 № 106/қе (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша ҰҚО ЖОО-ға түсетін адамдар өтінішке (баянатқа) қосымша мыналарды ұсынады:

- 1) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі, туу туралы куәлік;
- 2) әскери билет немесе әскери шақыру учаскесіне тіркеу туралы куәлік (болған кезде) не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжаттар;
- 3) неке қию туралы куәлік (болған кезде);
- 4) мемлекеттік үлгіге сәйкес берілген жалпы орта білім туралы (қосымшасымен) аттестат немесе техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі білім туралы (қосымшасымен) диплом;
- 5) көлемі 9x12 – екі, көлемі 3x4 – төрт фотосурет (бас киімсіз);
- 6) сауалнама мен өмірбаян (өз қолымен жазылған);
- 7) жақын туыстарының (ата-анасы, балалары (болған кезде), асырап алушылары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері және апа-сіңлілері, не зайыбы (жұбайы) немесе оның ата-анасы, асырап алушылары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері және апа-сіңлілері, қарындастары (болған кезде) жеке басын куәландыратын құжаттары мен туу туралы куәліктерінің көшірмелері;

8) әскери қызмет өткергені туралы анықтама (мерзімді әскери қызмет өткерген адамдар үшін).

2. Жоғары білімнің оқыту мерзімі қысқартылған білім беру бағдарламасы бойынша ҰҚО ЖОО-ға түсетін адамдар өтінішке (баянатқа) мыналарды қоса ұсынады:

1) жеке басын куәландыратын құжат, туу туралы куәлік;

2) әскери билет немесе әскерге шақыру учаскесіне тіркеу туралы куәлік (болған кезде) не болмаса цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжаттар;

3) неке қию туралы куәлік (болған кезде);

4) көлемі 9x12 – екі, көлемі 3x4 – төрт фотосурет (бас киімсіз);

5) еңбек қызметін растайтын құжат;

6) сауалнама мен өмірбаян (өз қолымен жазылған);

7) жақын туыстарының (ата-анасы, балалары (болған кезде), асырап алушылары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері және апа-сіңлілері, зайыбы (жұбайы) немесе оның ата-анасы, асырап алушылары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері және апа-сіңлілері, қарындастары (бар болса) жеке басын куәландыратын құжаттары мен туу туралы куәліктерінің көшірмелері;

8) жеке табыс салығы мен мүлік туралы декларациясын қабылдау туралы анықтамасы;

9) жоғары білімі туралы дипломның көшірмесі, дипломға қосымшаның көшірмесі (транскрипт).

Шетелдік білім беру ұйымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасында құрылған және жұмыс жасайтын халықаралық және шетелдік білім беру ұйымдарында (олардың филиалдарында) білімі туралы құжаттар алған кандидаттар, егер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларында және халықаралық шарттарында (келісімдерде) өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 28 шілдедегі № 230 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23626 болып тіркелген) Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттарды тану қағидаларына сәйкес берілген тиісті куәлікті ұсынады, сонымен бірге Қазақстан Республикасының азаматтарына – "Болашақ" халықаралық стипендиясының иегерлеріне шетелдік жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары, ғылыми орталықтары және зертханалары берген білім туралы құжаттары білімі туралы құжаттарын тану рәсімін өткізбей Қазақстан Республикасында танылады.

Жоғары білімнің білім беру  
бағдарламаларын іске асырып  
жатқан Қазақстан Республикасы  
ұлттық қауіпсіздік органдарының  
әскери, арнаулы оқу орындарына  
оқуға қабылдау қағидаларына

2-қосымша

## ҰҚО ЖОО-ға оқуға түсу үшін ұсынылатын құжаттар тізбесі

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 31.07.2024 № 106/ке (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша ҰҚО ЖОО-ға түсуші адамдар мынадай құжаттарды ұсынады:

1) жеке басын куәландыратын құжат (түпнұсқа);

2) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2023 жылғы 25 тамыздағы № 443 бұйрығымен бекітілген "Бакалавр" немесе "магистр" дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру қағидаларында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33345 болып тіркелген) белгіленген шектік деңгейден төмен емес, соның ішінде Қазақстан тарихы және екі бейіндік пән (шығармашылық емтихан) бойынша бес балдан төмен емес, сондай-ақ оқу сауаттылығы және математикалық сауаттылық бойынша үш балдан төмен емес тестілеу нәтижелерімен ҰБТ сертификатын (ҰҚК Шекара қызметінде мерзімді әскери қызмет өткерген және конкурстық іріктеуден өткен азаматтарды қоспағанда). ҰҚО ЖОО-ға оқуға түсу үшін кандидат жалпы орта білімнің жалпы білім беру, техникалық және кәсіптік (бастауыш және орта кәсіптік), орта білім беруден кейінгі білім беру бағдарламаларының кез келген екі пәнін таңдайды.

2. Жоғары білімнің оқыту мерзімі қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша ҰҚО ЖОО-ға түсуші адамдар мынадай құжаттарды ұсынады:

1) жеке басын куәландыратын құжат (түпнұсқа);

2) әскери билет немесе әскерге шақыру учаскесіне тіркеу туралы куәлік (болған кезде) немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжаттар.

Жоғары білімнің білім беру  
бағдарламаларын іске асырып  
жатқан Қазақстан Республикасы  
ұлттық қауіпсіздік  
органдарының әскери, арнаулы  
оқу орындарына оқуға  
қабылдау қағидаларына  
3-қосымша

## ҰҚО ЖОО-ға түсуші кандидаттардың денешынықтыру дайындығының нормативтері

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 12.08.2025 № 74/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Орта білім беру ұйымдарын бітіргеннен кейін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша ҰҚО ЖОО-ға оқуға түсетін адамдар үшін:

Ерлер

--	--	--	--

Жаттығу	Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық
ҰҚК Шекара академиясына түсушілер үшін белағашта тартылу (қанша рет)	14	12	10
ҰҚК Академиясына түсушілер үшін белағаштан тартылу (қанша рет)	11	9	7
100 метрге жүгіру(сек)	14,0	14,2	14,8
3000 метрге жүгіру (мин., сек)	12,15	12,45	13,30
10x10 метрге сырғымалы жүгіру (сек.)	23	24	26
Берпи (1 минут ішінде)	30 және одан көп	25-тен 29-ға дейін	20-дан 24-ке дейін

### Әйелдер

Жаттығу	Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық
№2 кешенді-күштік жаттығу (қанша рет)	30	26	22
100 метрге жүгіру (сек)	17,2	17,8	18,6
1000 метрге жүгіру (мин., сек)	4,35	4,55	5,25
10x10 метрге сырғымалы жүгіру (сек.)	34,0	35,0	37,0
Берпи (1 минут ішінде)	22 және одан көп	19-дан 21-ге дейін	16-дан 18-ге дейін

2. Жедел бөлімшелер бағыты бойынша ҰҚО ЖОО-ға жоғары білімнің оқу бағдарламаларына оқуға түсетін қызметкерлер (әскери қызметшілер) үшін, сондай-ақ ҰҚО ЖОО-ға жоғары білімнің оқыту мерзімі қысқартылған білім беру бағдарламаларына оқуға түсетін адамдар үшін:

Ерлер:

1-топ: 24 жасқа дейін қоса алғанда:

Жаттығу	Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық
Белағашта тартылу (қанша рет)	14	12	10
100 метрге жүгіру (сек)	14,0	14,5	15,3
3000 метрге жүгіру (мин.сек)	12,20	12,35	13,0
10x10 метрге сырғымалы жүгіру (сек.)	24,5	25,5	26,5
Берпи (1 минут ішінде)	27 және одан көп	23-тен 26-ға дейін	19-дан 22-ге дейін

2-топ: 25-29 жас аралығы:

Жаттығу	Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық
Белағашта тартылу (қанша рет)	12	10	8

100 метрге жүгіру (сек)	14,5	15,3	15,8
3000 метрге жүгіру (мин.сек)	12,45	13,15	14,0
10x10 метрге сырғымалы жүгіру (сек.)	25,5	26,5	27,5
Берпи (1 минут 15 секунд ішінде)	26 және одан көп	22-тен 25-ке дейін	17-дан 21-ге дейін

### 3-топ: 30 жас және одан жоғары:

Жаттығу	Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық
Белағашта тартылу (қанша рет)	11	9	7
100 метрге жүгіру (сек)	15,0	15,6	16,0
3000 метрге жүгіру (мин.сек)	14,0	14,20	14,50
10x10 метрге сырғымалы жүгіру (сек.)	26,5	27,0	28,0
Берпи (1 минут 30 секунд ішінде)	25 және одан көп	21-тен 24-ке дейін	16-дан 20-ға дейін

### Әйелдер:

#### 1-топ: 24 жасқа дейін қоса алғанда:

Жаттығу	Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық
№2 кешенді-күштік жаттығу (қанша рет)	34	30	26
100 метрге жүгіру (сек)	16,6	17,2	18,0
1000 метрге жүгіру (мин.сек)	4,15	4,30	4,45
10x10 метрге сырғымалы жүгіру (сек.)	32,5	33,5	34,5
Берпи (1 минут 30 секунд ішінде)	23 және одан көп	19-дан 22-ге дейін	15-тен 18-ге дейін

#### 2-топ: 25-29 жас аралығы:

Жаттығу	Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық
№2 кешенді-күштік жаттығу (қанша рет)	30	26	22
100 метрге жүгіру (сек)	17,2	17,8	18,6
1000 метрге жүгіру (мин.сек)	4,35	4,55	5,25
10x10 метрге сырғымалы жүгіру (сек.)	33,5	34,5	35,5
Берпи (2 минут ішінде)	22 және одан көп	18-ден 21-ге дейін	14-тен 17-ге дейін

#### 3-топ: 30 жас және одан жоғары:

Жаттығу	Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық
№2 кешенді-күштік жаттығу (қанша рет)	26	22	18
100 метрге жүгіру (сек)	17,8	18,4	19,2

1000 метрге жүгіру (мин.сек)	4,55	5,10	5,30
10x10 метрге сырғымалы жүгіру (сек.)	34,5	35,5	36,5
Берпи (2 минут 15 секунд ішінде)	21 және одан көп	17-ден 20-ға дейін	13-тен 16-ға дейін

3. Жедел бөлімшелерге теңестірілген бағыты бойынша ҰҚО ЖОО-ға жоғары білімнің оқу бағдарламаларына оқуға түсетін қызметкерлер (әскери қызметшілер) үшін, сондай-ақ ҰҚО ЖОО-ға жоғары білімнің оқыту мерзімі қысқартылған білім беру бағдарламаларына оқуға түсетін адамдар үшін:

Ерлер:

1-топ: 24 жасқа дейін қоса алғанда:

Жаттығу	Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық
Белағашта тартылу (қанша рет)	14	12	10
№ 1 кешенді-күштік жаттығу (қанша рет)	7	6	4
100 метрге жүгіру (сек)	14,0	14,5	15,3
2000 метрге жүгіру (мин.сек)	8,30	9,00	9,40
10x10 метрге сырғымалы жүгіру (сек.)	24,5	25,5	26,5
Берпи (1 минут ішінде)	27 және одан көп	23-тен 26-ға дейін	19-дан 22-ге дейін

2-топ: 25-29 жас аралығы:

Жаттығу	Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық
Белағашта тартылу (қанша рет)	12	10	8
№ 1 кешенді-күштік жаттығу (қанша рет)	5	4	3
100 метрге жүгіру (сек)	14,5	15,3	15,8
2000 метрге жүгіру (мин.сек)	8,50	9,20	10,0
10x10 метрге сырғымалы жүгіру (сек.)	25,5	26,5	27,5
Берпи (1 минут 15 секунд ішінде)	26 және одан көп	22-ден 25-ке дейін	17-ден 21-ге дейін

3-топ: 30 жас және одан жоғары:

Жаттығу	Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық
Белағашта тартылу (қанша рет)	11	9	7
№ 1 кешенді-күштік жаттығу (қанша рет)	4	3	2
100 метрге жүгіру (сек)	15,0	15,6	16,0
2000 метрге жүгіру (мин.сек)	9,10	9,40	10,20

10x10 метрге сырғымалы жүгіру (сек.)	26,5	27,0	28,0
Берпи (1 минут 30 секунд ішінде)	25 және одан көп	21-ден 24-ке дейін	16-дан 20-ға дейін

### Әйелдар:

#### 1-топ: 24 жасқа дейін қоса алғанда:

Жаттығу	Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық
№2 кешенді-күштік жаттығу (қанша рет)	34	30	26
100 метрге жүгіру (сек)	16,6	17,2	18,0
800 метрге жүгіру (мин.сек)	3,50	4,00	4,10
10x10 метрге сырғымалы жүгіру (сек.)	32,5	33,5	34,5
Берпи (1 минут 30 секунд ішінде)	23 және одан көп	19-дан 22-ге дейін	15-тен 18-ге дейін

#### 2-топ: 25-29 жас аралығы:

Жаттығу	Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық
№2 кешенді-күштік жаттығу (қанша рет)	30	26	22
100 метрге жүгіру (сек)	17,2	17,8	18,6
800 метрге жүгіру (мин.сек)	4,00	4,10	4,20
10x10 метрге сырғымалы жүгіру (сек.)	33,5	34,5	35,5
Берпи (2 минут ішінде)	22 және одан көп	18-ден 21-ге дейін	14-тен 17-ге дейін

#### 3-топ: 30 жас және одан жоғары:

Жаттығу	Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық
№2 кешенді-күштік жаттығу (қанша рет)	26	22	18
100 метрге жүгіру (сек)	17,8	18,4	19,2
800 метрге жүгіру (мин.сек)	4,10	4,20	4,30
10x10 метрге сырғымалы жүгіру (сек.)	34,5	35,5	36,5
Берпи (2 минут 15 секунд ішінде)	21 және одан көп	17-ден 20-ға дейін	13-тен 16-ға дейін

### Физикалық жаттығуларды орындау шарттары:

1) 100, 800, 1000, 2000, 3000 метрге жүгіру стадионның жүгіру жолында немесе кез келген тегіс жерде орындалады;

2) 10x10 метрге сырғымалы жүгіру бір бірінен 10 метр қашықтыққа орналасқан екі сызықпен белгіленген тегіс жерде орындалады. Жаттығу "жоғары мәре" қалпынан

басталады. "Марш" командасы бойынша (шартты белгі бойынша) 10 метрді жүгіріп өтіп, мәре сызығына қолын (аяғын) тигізу керек, артқа оралып, мәре сызығына қолын (аяғын) тигізу керек. Барлығы 10 метрден тұратын 10 бөлікті жүгіріп өту қажет;

3) берпи бастапқы қалыпта аяқты түзу иықтың деңгейінде, қолды денені бойлай ұстап орындалады. Бастапқы позициядан жамбасты артқа алып, алақанға сүйене отырып (қолдар иықтың енінде), еңкею қажет. Еңкейген кезде өкше еденнен көтерілмейді. Жартылай секіруде дененің салмағы қолдарға беріліп, бір мезгілде аяқ артқа тасталады. Бүгілген қолдарға сүйене отырып, жату позициясы жасалады. Жамбас пен кеуде бір уақытта еденге жанасады. Содан кейін, жартылай секіруде алақан еденнен жұлынып алынып, аяқтар ішке қарай тартылып, жартылай отыру күйіне оралады. Жерге өкшені тигізбей жоғарыға секіреді және осы сәтте қолдарымен бастың үстінен шапалақ жасалады, дене түзу қалыпта болады;

4) № 1 кешенді күш жаттығулары 12 минут ішінде келесідей орындалады: "жерден игерілу" қалпын қабылдап қолды бүгіп-жазу (кеуде түзу, қолды 90 градусқа бүгу екі қолдың ара-қашықтығы өзіңе ыңғайлы қалыпта) – 10 рет; "жерден игерілу" қалпынан "отыру" қалпына ауысып бастапқы қалыпты қабылдау. Аяқты қолға барынша жақындатып, аяқты артқы қалыпқа жібергенде бел барынша бүгілу керек – 10 рет; "отыру" қалпынан (жамбас пен балтырдың арасындағы бұрыш 90 градус болуы керек) барынша жоғары секіріп "отыру" қалпына келу – 10 рет; "отыру" қалпынан арқаға жатып, екі қолды кеудеге қойып, аяқты алдыға созып, кеудені көтеріп, қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жететіндей барынша еңкею (жаттығуды жасау барысында тізені аздап бүгуге рұқсат етіледі) – 10 рет. Жаттығу үзіліссіз әрі тоқтаусыз жасалуы тиіс, орындалу темпін өз еркімен жасайды. 5 секундтан көп тоқтаса жаттығу аяқталған болып саналады;

5) № 2 кешенді күш жаттығулары бір минут ішінде жасалады: алғашқы 30 секундта – бастапқы қалыпта арқада жатып, білекте бүгілген қолдарын кеудесінде бір-біріне түйістіріп қояды. Қолды түзу ұстап (қолдың саусақтарын аяқтың саусақтарына тигізіп) мүмкіндігінше көбірек кеудені көтереді, аяқтар бүгілмейді (аяқтарды елеусіз бүгуге рұқсат етіледі), бастапқы қалыпқа оралған кезде тірекке жауырынмен жанасу қажет, одан әрі "ауыс" командасы бойынша тоқтамаған күйі қалған 30 секундта ауысып жерге қарап жатып тіреніп қолды бүгеді және жазады (дене тік, қолдар 90 градус бұрышқа дейін бүгіледі, кеуде еденнен параллель көтеріледі);

6) биік белағашқа тартылу бастапқы жағдайда жоғарыдан ұстап асылып тұрып (бас бармақ төменде), қолдарын түзу ұстап аяқ тірекке тимей жасалады. Иекті белағаштың үстіңгі деңгейіне көтерген кезде және қол түзуленген бастапқы жағдайға қайта оралғанда жаттығу орындалған болып саналады. Қозғалыссыз жағдайдағы дененің аздаған иілуі мен аяқты алшақтатуға рұқсат етіледі. Жаттығуды секіріп барып жасауға, жүлқынуға және серпілуге рұқсат етілмейді.

## **"Құқық негіздері" немесе саясаттану пәндері бойынша білімді бағалау өлшемшарттары**

"Өте жақсы" бағасы:

қойылған сұраққа дұрыс, сауатты, жан-жақты, түбегейлі, негізделген, мәнін толық және кеңінен ашатын жауап берген;

материалды терең және жүйелі білетінін көрсеткен, тұжырымдамалық-ұғымдық аппаратын, ғылыми тіл мен терминологияны еркін меңгерген;

жауап логикалық негізделген және сенімді баяндалған жағдайда қойылады.

"Жақсы" бағасы:

қойылған сұрақтардың мәні ашылған, бірақ тұжырымдау кезінде жекелеген кемшіліктері бар;

бағдарламалық материалдың негізгі бөлігін меңгерген, және тұжырымдамалық-ұғымдық аппаратты қолдана алатынын көрсеткен;

жалпы логикалық дұрыс, бірақ үнемі нақты емес және дәлелді жауап берілген жағдайда қойылады.

"Қанағаттанарлық" бағасы:

қойылған сұрақ жеткілікті көлемде ашылмаған, тұжырымдауларда қателіктер бар, жауап әліз негізделген;

пән бойынша үзік, атүсті білім көрсетілген;

ғылыми-ұғымдық аппарат пен терминологияны қолдануда қиындықтары анықталған жағдайда қойылады.

"Қанағаттанарлықсыз" бағасы:

билеттің сұрағына толық жауап берілмеген немесе қойылған сұрақ толық ашылмаған, жауапта өрескел қателіктер жіберілген;

тиісті тақырыптарға қатысты терминология және ғылыми-ұғымдық аппарат қате және толық пайдаланылмаған;

емтихан сұрақтарына берілген жауапта дәлелдер келтірілмеген;

түсу емтиханының белгіленген рәсімдері бұзылған жағдайда қойылады.

## **Жазу дағдыларын (эссе) бағалау өлшемшарттары**

№	Өлшемшарттар	Балдары*
1	Ойды нақты және ашық тұжырымдау, композициялық тұтастықтың және тұжырымдау логикасының болуы	2
2	Эссе мазмұны нақты құрылымдалған, эссенің негізгі тақырыпқа сәйкес келуі	1
3	Өзіндік дәлелді пікірдің болуы, автордың жеке позициясы	1
4	Тақырыптың толық ашылуы	1
Ең жоғары балл		5

Ескертпе:

\*балл саны бағаға сәйкес келеді:

0 – 2 балл – қанағаттанарлықсыз;

3 балл – қанағаттанарлық;

4 балл – жақсы;

5 балл – өте жақсы.

№	Қателіктер саны бойынша өлшемшарттар (орфографиялық және пунктуациялық)	Баға
1	0/0, 0/1, 1/0 (өрескел емес қателік)	"5"
2	2/2, 1/3, 0/4, 3/0, 3/1 (қателіктер бір типті болса)	"4"
3	4/4, 3/5, 0/7, 5/4 (бір типті және өрескел емес қателіктер болса)	"3"
4	7/7, 6/8, 5/9, 8/6	"2"

Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асырып жатқан Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының әскери, арнаулы оқу орындарына оқуға қабылдау қағидаларына  
6-қосымша

**Ескерту. Қағидалар 6-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 12.08.2025 № 74/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Анықталған Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асырып жатқан Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының әскери, арнаулы оқу орындарына оқуға қабылдау қағидаларының талаптарын бұзғандығы туралы АКТ

(ҰҚО ЖОО-ның атауы)

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ жыл " \_\_\_\_ " сағат " \_\_\_\_\_ " минут

Кандидатта: Т.А.Ә (бар болған жағдайда)

---

Жеке сәйкестендіру номері

---

тестілеу барысында (аудитория \_\_\_\_\_, орын \_\_\_\_\_) тыйым салынған зат табылғаны туралы осы акт жасалды:

---

(тыйым салынған зат (атауы)

Осы фактіні ескере отырып, аудиториядан шығару туралы шешім қабылданды.

Қол қоюшылар:

---

(арнайы комиссия (пән) мүшесінің қолы және Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

---

(жеке қауіпсіздік бөлімшесі өкілінің қолы және Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

Актімен таныстым

---

(кандидаттың қолы және Т.А.Ә (бар болған жағдайда)

ҰҚК Академиясы немесе ҰҚК Шекара академиясының МО.

---

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық қауіпсіздік комитеті  
Төрағасының  
2016 жылғы 13 қаңтардағы  
№ 2 бұйрығына  
2-қосымша

### **Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының күші жойылған кейбір бұйрықтарының тізбесі**

1. "Жоғары білімнің кәсіби оқу бағдарламасын іске асыратын Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің арнаулы (әскери) оқу орындарына оқуға қабылдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 590 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8211 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінде 2013 жылғы 23 қаңтарда № 24-25 (27298-27299) жарияланған).

2. "Жоғары білімнің кәсіби оқу бағдарламаларын қысқартылған мерзімде іске асыратын Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің арнаулы (әскери) оқу орындарына оқуға қабылдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы

Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2013 жылғы 12 сәуірдегі № 182 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8449 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінде 2013 жылғы 5 маусымда № 190-191 (27464-27465) жарияланған).

3. "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2015 жылғы 20 наурыздағы № 15 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11039 болып тіркелген, "Әділет" Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 21 мамырда жарияланған).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК